

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ



«Бекітемін»

М.Әуезов атындағы ОҚУ  
және ОӘЖ жөніндегі  
проректоры

Р.Абишева

2021ж.



«Адвокаттық қызмет және заңнамалық құжаттар» курсының


БАҒДАРЛАМАСЫ


36 сағат

Шымкент, 2021ж.

Құрастырғандар: Елікбай М.Ә., Монтаев А., Мицкая Е.В.


«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу», «Қылмыстық құқық және криминология» және «Халықаралық қатынастар және кеден ісі» кафедраларының бірлескен мәжілісінде қаралды  
(хаттама № «01» ақпан 2021ж.)

Кафедра меңгерушісі  Елікбай М.Ә.

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің мәжілісінде талқыланып, ұсынылды  
(хаттама № 4 « 13 » 01 2021 ж.)  
Хатшы  Р.Арынбаева

М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды

(хаттама № 4 « 19 » 01 2021ж.)

ОӘБ жетекшісі  Г.З.Турбекова

## 1. Түсіндірмелік жазба

«Адвокаттық қызмет және заңнамалық құжаттар» курсының мақсаты адвокаттар алқасының адвокаттарын қолданыстағы заңнамалармен таныстырып, заңнамалардағы өзгерістер мен толықтырулармен таныстыру болып табылады. Курс барысында тыңдаушылар 4 модульден тұратын бағдарлама арқылы біліктілігін жоғарылату курсынан өтеді. Отбасы және неке құқығы саласындағы заңнаманы оқытудың мақсаты отбасы заңдылығы жеке өмірде де және адвокаттар жұмысының барлық салаларында көптеп кездесетіндігімен ерекшеленеді. Соңғы жылдары отбасы құқығы институтының маңыздылығы күрт өсуде. Отбасы және неке құқығының өзекті негізгі мағыналы салаларын нақты меңгеруге және қолдану аясында нақты қолдана білуге құқықтық білімді кеңесті дұрыс бағытта қолдана білуге баулумен ерекшеленеді. Отбасы қатынастарының аясындағы мемлекеттің ролі мен қызметінің бағыттарын анықтау үшін қажет.

### **Курсты оқытудың мақсаттары:**

- тыңдаушыларға отбасы құқығының негізгі теориялық ережелерін түсіндіру;
- отбасы құқығы азаматтар арасындағы некеден, туысқандық жағыдайдан, бала асырап алудан туындайтын жеке және оған байланысты мүліктік қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық кіші саласы қатарына жататын түсіндіру;
- отбасындағы ерлі-зайыптылардың, ата-аналармен балалардың, басқа да туыстық қатынастағы қатынастар неке-отбасылық қатынастар түрінде танылып олардың ерекшеліктер тек азаматтар ғана және олар заңда белгіленген жағыдайда субъектілер бола алатынын түсіндіру;
- отбасы құқығында неке шарты, патронат, алименттік келісімдер сияқты және құқықтық ережелерді енгізілгендіктен бұл пәннің маңыздылығы осы кезде арта түсетінін түсіндіру.

### **Курс заңнамасын оқытудың негізгі міндеттері:**

- отбасы құқығының заңнамасының қолданылуы негіздері туралы білім алу.
- отбасы құқығының нормаларын тәжірбие жүзінде қолдануды меңгеру.
- отбасы құқық қатынастар аясында болашақ заңгер мамандары отбасында ерлі-зайыптылардың некелік одағының тең және әке ана бала мемлекеттің қорғауында болатындығын нақтылау сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қабілетін қалыптастыру;
- отбасының пайда болуы мен тоқтатылуы мәселелері отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері сонымен қатар жауапкершіліктері;

Көрсетілген мақсаттар мен міндеттер осы курстың мазмұны мен құрылымын анықтайды.

## 2. Курстың мазмұны

### Модуль 1 «ҚР салық құқық»

**Тақырып 1. Қазіргі заманғы мемлекет өміріндегі салықтардың ұғымы және рөлі**  
Салықтардың пайда болының және дамуының қоғамдық экономикалық және саяси мән жайлары  
Салықтардың белгілері, қаржылық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен маңызы  
Салықтың элементтері

**Тақырып 2. Салық салу және мемлекеттің салық қызметі**  
Салықтық қызмет мемлекеттің қаржылық қызметінің бір түрі ретінде  
Салықтық қызмет әдістері және құқықтық нысандары  
Салық саясаты: маңызы мән жайы

**Тақырып 3. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде. Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтың қатынастары.**

Салықтық құқықтың ұғымы және пәні. Салықтық құқықтағы құқықтық реттеу әдістері  
Салықтық құқықтық жүйесі: түсінігі, құрылымы. Салықтық құқықтық нормалар түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері және құрылымы. Салықтық құқықтық қатынастар түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері. Материалдық және ұйымдастырушылық салықтық құқықтық қатынастар

**Тақырып 4. Салық төлеушілер. Салықтық міндеттеме**

Салықтық міндеттеменің ұғымы элементтері және ерекшеліктері. Салықтық міндеттеменің азаматтық құқықтық міндеттемеден өзгешелігі. Салықтық міндеттемені орындау мерзімдері

**Тақырып 5. Салық салу аясындағы мемлекеттік басқару. Салықтық бақылау**

Салық салу аясындағы мемлекеттік басқару түсінігі, маңызы, міндеттері мақсаты.  
Салық салу саласындағы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органдар және олардың құқықтық мәртебелері. Мемлекеттік салықтық бақылаудың құқықтық негіздері. Салықтық бақылаудың өзіне тән белгілері, элементтері және түрлері.

**Тақырып 6. Корпарациялық табыс салығы. Жеке табыс салығы. Қосылған құн салығы. Акциздер. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу. Әлеуметтік салық.**

Корпарациялық табыс салығының жалпы сипаттамасы. Жеке табыс салығының жалпы сипаттамасы  
Қосылған құн салығы. Акциздер. Салық салу объектісі, төлеушілері, салық базасын айқындау тәртібі  
Жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары. Әлеуметтік салықты төлеушілер түсінігі

**Тақырып 7. Жер салығы. Көлік құралдары салығы. Мүлік салығы. Арнаулы салық режимі**

Жер салығын салу объектісі, субъектілері. Көлік құралдары салығын төлеушілер және салық салу объектілері. Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық. Арнаулы салық режимін қолдану, оның ерекшеліктері. Шағын бизнес субъектілеріне арнаулы салық режимін қолдану жағдайлары. Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері.

**Тақырып 8. Тіркеу, лицензиялау алымы және өзге де алымдар. Пайдаланғаны үшін төлемақы. Мемлекеттік баж**

Алымның ұғымы және оның басқа міндетті төлемдерден айырмашылығы. Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым. Төлем ақының ұғымы және оның басқа міндетті төлемдерден айырмашылығы. Кеден кодексіндегі бекітілген кедендік төлемдер, алымдардың сипаттамасы және олардың құқық реттеу актілері. Кеден жүйесіндегі салықтар

## 2 МОДУЛЬ «ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ»

**1 Тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

1. ҚР Конституциясы жеке адамға қол сұғылмаушылық, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, адам өмірі мен денсаулығын қорғау туралы.
2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
3. Өмірге қарсы қылмыстар. Адам өлтірудің түсінігі және түрлері.
4. Адам өлтіруді басқа өлтірумен байланысты қылмыстардан ажырату.

5. Өмірге қарсы басқа да қылмыстар.
  6. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
  7. Абайсызда жәбірленушінің өліміне алып келген денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мен адам өлтірудің айырмашылығы.
  8. Адамның өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
  9. Олардың адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
  10. Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
  11. Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**2 Тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.** 1. Қазақстан Республикасы Конституциясы меншік нысанына қарамастан меншік құқығын қорғау туралы.

2. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
3. Талан-тараждың нысандары. Талан-тараждың түрлері
4. Бөтен мүлікті жымқырудың түсінігі, белгілері, нысандары мен түрлері (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық).
5. Жымқыру болып табылмайтын меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар.
6. Бөтен мүлікті жою немесе бүлдіру.

**3 Тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы.
2. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің түсінігі.
4. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

### **3 Модуль «Отбасы және неке құқығы»**

#### **1. Отбасы құқығының өзекті мәселелерінің түсінігі мен пәні**

Отбасылық құқықтық қатынастар. Неке мен отбасының тарихи нысандары. Отбасы құқығының пәні. Отбасы құқығын реттеу механизмі мен әдісі. Отбасы құқығының құрлымы. Отбасы құқығының түсінігі мен пәні. Отбасы құқығының реттеу тәсілдері. Отбасы құқығының қайнар көздері мен қағидалары. Отбасы құқықтық қатынастар субъектілері.

#### **2. Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) шарттары мен тәртібі**

Отбасы түсінігі мен негіздері. Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) шарттары. Неке (ерлі-зайыптылық) жасы. Араларында неке қиюлуына (ерлі-зайыпты болуына) жол берілмейтін адамдар. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарды медициналық зерттеп қарау. Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) тәртібі.

#### **3. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудағы кейбір өзекті мәселелер.**

Жұбайының (зайыбының) қайтыс болуына байланысты немесе оларды өлді деп жариялау салдарынан некенің тоқтатылуы. Некені сот тәртібімен бұзу. Азаматтардың хал актілерін

жазу органдарына некені бұзу кезінде ерлі- зайыптылардың арасында туындайтын дауды қарау. Ерлі- зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда некені бұзу тәртібі. Некенің ол бұзылған жағдайда тоқтатылу кезеңі. Некені тоқтатудың салдары. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату. Ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы, соттын оны қайтыс болды деп жариялауы немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тануы салдарынан некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылуы. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу. Тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде ерлі-зайыптылар арасында туындайтын дауларды қарау. Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу. Некені (ерлі-зайыптылықты) өзге де негіздер бойынша сот тәртібімен бұзу. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы шешім шығару кезінде сот шешетін мәселелер. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған кезде оның тоқтатылу кезі. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың салдары

#### **4. Ерлі – зайыптылардың жеке және мүлдік құқықтары мен міндеттері.**

Ерлі – зайыптылардың отбасындағы теңдігі. Ерлі- зайыптылардың тектерді таңдау құқығы. Ерлі- зайыптылардың өзге де жеке құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылардың мүлдіктерінің заңды режимінің түсінігі. Ерлі – зайыптылардың ортақ бірлескен меншігінің түсінігі. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлдік иелену, пайдалану және оған билік ету. Ерлі- зайыптылардың әрқайсының меншігі. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлдік олардың бірлескен ортақ меншігі деп тану. Ерлі- зайыптылардың ортақ меншігін бөлу. Ерлі- зайыптылардың ортақ меншіктерін бөлуде үлестерін анықтау. Ерлі- зайыптылар мүлдікнің шарттық режимінің түсінігі. Неке шарты және оның мазмұны. Неке шартын жасасу. Неке шартының мазмұны. Неке шартын өзгерту және бұзу тәртібі. Неке шартын жарамсыз деп тану. Ерлі- зайыптылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі. Ерлі- зайыптылардың мүлдік өндіріп алу. Неке шартын жасасу, өзгерту және бұзу кезіндегі кредит берушілердің құқықтарына кепілдік.

#### **5. Суррогат ана болу және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану ерекшеліктері.**

Суррогат ана болу шарты. Суррогат ана болу шартының мазмұны. Суррогат анаға қойылатын талаптар. Суррогат ана болу шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану. Суррогат ана болу шартының немесе қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданудың құқықтық салдары

#### **6. Бала асырап алу**

Бала асырап алу тарихы. Бала асырап алудың түсінігі мен мақсаттары. Баланы асырап алу тәртібі. Асырап алуға жол берілетін балалар. Балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдардың құқықтары мен міндеттері. Бала асырап алушының құқықтары мен міндеттері. Бала асырап алу тәртібі. Бала асырап алушылардың құқықтары мен міндеттерінің басталу кезі. Бірнеше бала асырап алу. Бала асырап алушы болуға құқығы бар адамдар. Бала асырап алушы мен асырап алыншы бала арасындағы жас айырмасы. Бала асырап алуға заңды өкілдердің келісімі. Баланы ата-аналарының келісімінсіз асырап алу. Баланың асырап алуға келісімі. Ерлі-зайыптылардың біреуінің бала асырап алуға келісімі. Асырап алынған баланың аты, әкесінің аты және тегі. Асырап алынған баланың туған күні мен туған жерінің өзгертілуі. Бала асырап алушыларды асырауға алынған баланың ата-аналары ретінде жазу. Бала асырап алудың құқықтық салдары. Асырап алынған баланың жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығының сақталуы. Бала асырап алу құпиясы. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану. Бала асырап алуды жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдар. Бала асырап алуды жарамсыз деп танудың салдары. Бала асырап алудың күшін жою негіздері. Бала асырап

алудың күшін жою. Бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар адамдар. Бала асырап алудың күшін жоюдың салдары. Асырап алынған бала кәмелетке толған соң бала асырап алудың күшін жоюға жол бермеу. Баланы айырып алуға байланысты істер бойынша сот шешімдерін орындау. Агенттіктерге аккредиттеу жүргізу тәртібі. Агенттіктер филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметін ұзарту, тоқтата тұру және (немесе) тоқтату. Бала асырап алу жөніндегі шетелдік ұйым филиалының және (немесе) өкілдігінің құқықтары мен міндеттері

### **7. Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың және қамқорлыққа алынғандардың құқықтық жағдайы және патронаттың тәртібі туралы өзекті мәселелер.**

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтар мен мүдделерін қорғау. Ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысандары. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру. Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленетін адамдар. Мемлекеттің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функциялары. Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу. Қорғаншылар немесе қамқоршылар. Қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы адамдардың құқықтары. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру, медициналық ұйымдардағы және басқа да ұйымдардағы балалардың құқықтары. Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың өз міндеттерін атқаруы. Баланың қорғаншысының немесе қамқоршысының құқықтары мен міндеттері. Әрекетке қабілетті азаматтарды қамқоршылыққа алу. Қамқорлыққа алынушының мүлкіне билік ету. Қорғаншыларды немесе қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету. Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты тоқтату. Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың іс-әрекеттеріне шағым жасау. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның шешімдеріне шағым жасау.

### **8. Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері**

Алимент түсінігі. Алименттік міндеттемелердің ерекшеліктері. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттері. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері. Өз еркімен алимент төлеу тәртібі. Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кірістің түрлері. Алимент төлеуге мәжбүрлеу. Тұрақты ақша сомасында балаларға алимент өндіріп алу. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға алимент өндіріп алу және оны пайдалану. Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың алимент алуға құқығы. Алимент алу үшін арыз беру мерзімдері. Ата-аналардың балаларды күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуы. Кәмелетке толған балалардың ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттері. Кәмелетке толған балалардың ата-аналарына жасалған қосымша шығыстарға қатысуы. Алимент бойынша берешек. Алиментті индексстеу. Алименттік міндеттемелерді тоқтату.

### **9. Азаматтық хал актілері**

Мемлекеттік тіркеуге жататын азаматтық хал актілері. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы бастапқы және қайтадан куәліктер беру. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеудің қағидалары мен тәртібі. Акт кітаптары. Оларды сақтау тәртібі мен мерзімдері. Мемлекеттік баж. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгерту, толықтыру және түзету тәртібі. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою. Жеке адамдардың азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін сақтау міндеті

## 4. Модуль ҚР азаматтық құқығы

### 1. Азаматтық-құқықтық қатынас. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау.

Азаматтық-құқықтық қатынастардың ұғымы және элементтері. Азаматтық- құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілері. Азаматтық- құқықтық қатынастардың туындау, өзгерту және тоқтатылу негіздері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және түсінігі азаматтық міндеттерді орындаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері.

### 2. Мәмілелер

Мәміле түсінігі. Мәмілелер, шарттар, міндеттемелер арақатынасы. Мәмілелердің жарамдылығының шарттары. Мәміленің жарамсыздығы: түсінігі және заңи салдары. Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілелер, кіріптарлық мәмілелер.

### 3. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды азаматтық- құқықтық қорғау құралдарының жүйесі.

Меншік құқығын тану туралы талаптар.

Меншік иесі болып табылмайтын иеленушінің құқықтарын қорғау.

### 4. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттемені орындау.

Міндеттемелік құқықтың түсінігі мен жүйесі. Міндеттеменің субъектілері. Міндеттемелердің түрлері.

Міндеттеменің орындалуының түсінігі мен қағидаттары. Міндеттемені орындаудың мерзімі.

### 5. Шарттың түсінігі мен ережелері.

Шартты жасасу, өзгерту және бұзу. Шарттың түсінігі мен маңызы. «Шарт», «мәміле», «міндеттеме» ұғымдарының арақатынасы. Шарттардың түрлері. Шарт жасасу кезеңдері. Шартты өзгерту және бұзу. Шартты өзгерту және тоқтату салдары мен тәртібі.

### 6. Заем шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты.

Заем шартының туындау және қалыптасу тарихы. Заем шартының құқықтық табиғаты.

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартының нысаны.

### 7. Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер.

Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері. Азаматтың шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері. Моральдық зиянды өтеу. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер

### 8. Интеллектуалдық меншік құқығы. Авторлық құқық. Сабақтас құқықтар. Селекциялық жетістіктерге құқық. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары. Тауар белгісі. Тауар шығарылатын жердің атауы.

Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері). Селекциялық жетістіктерге құқық. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтарды қорғау талаптары. Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары, Тауар белгісі.

### 9. Мұрагерлік құқық.

Мұрагерлік құқық. Мұрагерлік туралы жалпы ережелер. Өсиет бойынша мұрагерлік. Заңды мұрагерлік.

Мұраны бөлу, Иесіз қалған мүлік

### 3. Зертханалық сабақтардың тізімі

### 4. Тәжірибелік сабақтардың тізімі

## 5. Әдебиеттер



1. Жайлин, Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы ерекше бөлім I том/ Ғабиден Айнашұлы Жайлин, - Алматы: Заң әдебиеті, 2005.-358б.
2. Жайлин, Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы ерекше бөлім II том/ Ғабиден Айнашұлы Жайлин, - Алматы: Заң әдебиеті, 2005.-358б.
3. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. -Алматы, 2013. -776 с.
4. Гражданское право. Том II. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. -Алматы 2013. -488 с.
5. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное. Том II (Выпуски 11-20) / Под ред. А.Г. Диденко. -Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2008. -800 с.
6. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. -Вып. 33 / Под ред. А.Г.Диденко. -Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2009. - 520 с.
7. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. -Вып. 40 / Под ред. А.Г.Диденко. -Алматы: Раритет, 2012. -344 с.
8. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. -Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. - Вып. 43. -253 с.
9. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Үлгі: Жилищные споры / Под ред. К.А. Мами, М.Т. Алимбекова, А.Г. Диденко. -Алматы: Раритет, 2016. -Вып. 47. -128 с.
10. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 48: Үлгі: Аренда. Земельные споры / Под ред. К.А. Мами, Д.С. Амирова, А.Г. Диденко. -Алматы: Раритет, 2016. -224 с.
11. Диденко А.Г. Обеспечение исполнения договоров. Научное издание. -Астана: ЗАО Институт законодательства РК, 2002. -184 с.

### Нормативтік актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған). ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2, ақпандағы Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.
2. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы» № 518-IV Кодексі 283 бап, 26.12 2011.-150б.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. - Алматы: ЖШС Баспа « Норма К», 2011. - 356б.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі: № 406 IV ж. толықтырулар 26 02 2012.-140 б.
5. «Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 05.07. 2006ж №163.
6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2001 жылдың 30-қаңтарында № 155-II.37
7. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы 1997 ж., 14 шілде, 1998 жылғы 13 қарашадағы №302-1 Заңымен енгізілген өзгертулер
8. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. 20.06.2003. №442. (соңғы өзгерістер 20.03.2010. ҚР заңымен енгізілді).
9. Стұрсынов,Т.,Әбішов «Қазақстан Республикасындағы Адам Құқықтарының Ахаулы Туралы Базалық Баяндама »Астана 2007ж

10. Азаматтардың тегі мен есімін және әкесінің атын өзгертуге байланысты өтініштерді қараудың тәртібі туралы Ереже.ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген 26.09.96.
11. «Қазақстан Республикасындағы шет ел азамттарының құқықтық жағыдайы туралы» ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлығы 19.06.95.
12. «Тұлға науқас болған жағыдайда бала»(қыз) асырап алуға, балаға қорғаншы (қамқоршы), патронаттықты жүзеге асыра алмайтын аурулардың тізбесін Бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы 17.05. 99.
13. «Білім алу кезіндегі мұқтаж адамдарға берілетін әлеументтік жәрдемнің мөлшері мен қайнар көздері туралы»ҚР Үкіметінің Қаулысы 17.05.2000.
14. Патронат туралы Ереже.ҚРҮкіметінің Қаулысымен бекітілген 30.12.99ж.
15. ҚР-ның азаматы болып табылатын балааларды асырап алуға ниет білдірген шет ел азаматтарын есепке алу туралы ҚР сыртқы істер министрлігінің Бұйрығымен 17.06.99ж.Бекітілген Ереже.
16. ҚР Үкіметінің 09.09.2001 жылғы Қаулысымен бекітілген Ата- анасының қамқорынан айырылған баларады орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастырудың тәртібі туралы Ережесі.
17. Құқықтық жәрдем көрсету және азаматтық, отбасылық, сонда-ай қылмыстық істер бойынша Конвенция 03.01.93.
18. Балалар құқығы туралы Конвенция (Нью-Йорк,20.11.89.ж).ҚР Қаулысымен 08.06.94 бекітілген.
19. «Балаларады (қыздарды асырап алуға байланысты істерді қарау кезінде соттардың Неке және отбасы туралы заңнамаларды қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы 22.12.2000.
20. ҚР Президентінің жанындағы «Отбасы және әйелдер істері бойынша Ұлттық Комиссия туралы» Ереже.ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 22.12.98.
21. «Баларалды тәрбиелеуге байланысты даулы істерді қарау кезінде соттардың заңнамаларды қолдануы туралы» ҚР жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы 28.04.2016.
22. «Балаларады (қыздарды асырап алуға байланысты істерді қарау кезінде соттардың Неке және отбасы туралы заңнамаларды қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы 22.12.2015.